

№19 Қ.Сәтпаев атындағы Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы №1.

2021-2022 оқу жылы.

Күні: 27.12.2021ж

Қатысуға тиісті: 9 адам Қамқоршылық кеңесі мүшелері.

Қатысқандар: Қалиева Т.- Қамқоршылық Кеңесі төрайымы,

Мүшелері: Кажигереева Марта, Құрмантайқызы Рысгүл, Куптлеуова Замира, Идрисова Райгул, Зекенова Бакытжамал, Жұманова Ляззат, Хабиденова Айгул, Дерсибова Кенжегуль,

Хатшы- Даумова Г. – мектептің әлеуметтік педагогы

Күн тәртібінде:

1. Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылғы 4 желтоқсандағы №03-04-01-12/3039 хатына сәйкес тәтті сыйлық алуға оқушылардың қатысуын талаптарға сай ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңестің төрайымы Қалиева Т. Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №03-04-01.12/3039 хатына сәйкес, жылда өтетін дәстүрлі әкім шыршасына тәтті сыйлықтар алуға мектебімізден бала қатыстыруымыз керек екендігін және оның мына талаптарға сай ,яғни: көп балалы, аз қамтылған, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасынан шыққан балаларды қамту қажет екендігін айтып өтті.

Сөйлеушілер:

1. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қалиева Т. : мектебімізде жоғарыда айтылған талаптарға сай балалардың баршылық, соның ішінде үйден оқитын 4, инклюзив 3 оқушы, жалпы мектепте әлеуметтік жағдайы төмен 47 оқушы бар. Енді осылардың ішінен әкім шыршасының тәтті сыйлығын алуға лайықты баланы талапқа сай таңдап ұсынуымыз қажет.